



EGEMEN QAZAQSTAN

## Хакім тұтыңған жәдігерлер

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейінің ұйымдастыруымен Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығында «Абай музейі және қолжазбалар әлемі» тақырыбында көрме ашылды. Көрме аясында Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары мен меймандары үшін музей қорындағы Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты тарихи құжаттар мен архивтік деректер, құнды қолжазбалар, домбырасы және ақынның 1885 жылы тарихи өлкетану музейіне өз қолымен тапсырған жәдігерлері таныстырылды.



Абай тәлімін жастар санасына мықтап сіңіруді мақсат еткен тағылымды жиынға қатысқан ел ағалары мен зиялы қауым өкілдері адамшылық жолға тәрбиелейтін өсиет-нақылын тарқата келіп, бүгінгі таңдағы ұлттық болмысымыздың, адами мақсат-міндет жолындағы бағыт-бағдар екендігіне тоқталды. Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының директоры міндетін атқарушы Нұрлан Ережепов көрменің ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ақын, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын атап өту туралы жарлығына сәйкес, «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласының аясында ұйымдастырылып отырғанын жеткізді.

– Президентіміз Абайдың 175 жылдығын мерекелеу бойынша берген бірқатар тапсырмаларының нәтижесінде қазіргі таңда елімізде аймақтардан бөлек республикалық көлемде 500-ден аса іс-шаралар жоспарланып отыр. Атқарылып жатқан жұмыстардың ішіндегі ең маңыздысы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» музей-қорығына ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізу, Абай үйі-музейінің жан-жақты танымалдылығын арттыру іс-шаралары сияқты іргелі жұмыстар атқарылып жатқаны бәрімізге белгілі, – деген ол «Қолжазбалар және сирек кітаптар» ұлттық орталығындағы аталған бағыттар бойынша бірқатар іс-шаралар қолға алынғанын атап өтті. Оның айтуынша,

Ұлттық орталық қорының сирек басылымдар қатарында Абай Құнанбайұлының баспадан шыққан бірқатар еңбектерінің коллекциясы сақтаулы. Бұл ретте ай сайын «Ұлы даланың ұлы ақыны» тақырыбында жастарға арналған ғылыми-дәрістер өткізіліп келеді. Дәрістерге 300-ден аса студент пен мектеп оқушысы қатысқан. Сондай-ақ Абай өлеңдерін оқу челленджіне орталықтың қызметкерлері де өз үлестерін қосқанын, әртүрлі тілдерде жатқа айтқанын әрі осы реттегі насихат жұмыстарының жалғаса беретінін жеткізді.

1885 жылы Абай Құнанбайұлы өзінің орыс досы Н.Долгополов арқылы қазақ халқының ертеден қолданып келе жатқан заттарын Семей қаласында ашылған өлке тану музейіне тапсырғаны баршаға мәлім. Олардың ішінде қазақ киіз үйлерінің жабдықтары, қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары, одан бөлек найза, айбалта, шоқпар, шиті мылтық және кісе белдік сынды басқа да түрлі этнографиялық заттар бар. Заманында Абай өзі тұтынған құнды жәдігерлер бүгінгі көрмеге келгендердің көзайымына айналды. Көрмеге Абай тапсырған заттардың бірі – піспек те қойылды. Музей мамандарының айтуынша, кезінде піспек жалғыз емес, сабамен бірге тапсырылып, сабаның сақталмай қалуы әбден мүмкін. Піспектің ұзындығы 59 см, төменгі жағы жарты сфера тәрізді ойылса, жоғарғы жағы төрт қырлы үшкір жебе сияқты жасалған. Піспек орта тұсынан қиғаштай сынған, сондықтан сынықтары бір-біріне жанастыра екі жерден мыс сыммен оралып, орнына бекітіліпті. Ал ағаш құты – Абай үйінің мүлкі. Аса шеберлікпен жасалған сусын құюға арналған құты қайың ағашынан тұтас ойылып, екі бөлік жеке дайындалып, өңделгеннен кейін желіммен біріктірілген. Құтының бір жақ бетіне ақ түсті металдан жіңішке дөңгелек жапсырылып, ортасына өсімдік жапырағы, мүйіз тәріздес «төрт құлақ» оюларының үлгілері қондырылған. Қақпағы жұқа күміспен қапталып, мойын жағы әдемі бедерлене безендірілген. Құты қара түске боялғандықтан ақ түсті ою-өрнектер өте жарасымды көрінеді. Белдікке байлауға қолайлы болу үшін қайыс ілгегі де бар. Көрме барысында Абайдың өмір сүрген кезеңі және оның айналасына қатысты тарихи тұлғалар туралы, Абайдың ақындық өнер айналасы және Семей қаласындағы 80 жылдық тарихы бар қасиетті қара шаңырақ Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейінің тарихы мен абайтану ғылымының дамуы хақында мазмұны терең әңгіме өрбіді.

– Абай жылы деп арнайы бекітілгелі бері музейіміздің көшпелі көрмелері ел аумағына шығып кетті. Күні кеше ғана Павлодарда ашылса, бүгін елорда төріне жетіп отыр. Біздің музейіміз Қазақстандағы тұңғыш әдеби-мемориалды музей екені белгілі. Кезінде Абай оқыған медреседегі 250 кітап та біздің музейдің қорында сақтаулы. Онда діни бағыттағы кітаптар ғана емес, риторика, химия, география пән оқулықтары да табылған. Абай тойы барлығымызға үлкен жауапкершілік міндеттеп отыр, – деді «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Мейрамгүл Қайрамбаева. Мазмұны терең, мағыналы көрме астаналықтар үшін 24 қаңтардан 7 ақпанға дейін қызмет көрсететін болады.

**Ая Өміртай**